

ОҚЫТУДЫҢ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫ ИННОВАЦИОННЫЕ ТЕХНОЛОГИИ ОБУЧЕНИЯ INNOVATIVE TECHNOLOGIES OF EDUCATION

<https://doi.org/10.31489/2025Ped4/186-197>

ӨОЖ 373.19

Мақаланың редакцияға түскен күні: 19.12.2025 ж. | Қабылданған күні: 07.10.2025 ж.

Г.О. Сейдалиева^{1*}, А.М. Тоқсанбай², Ш.А. Торгаева³

¹Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан;

²«Келешек-Тараз» ғылыми-интеллектуалдық мектеп-лицейі, Тараз, Қазақстан;

³Қазақстан-Ресей медициналық университеті, Алматы, Қазақстан

(*Хат-хабарға арналған автор. E-mail: g.seidalieva@abaiuniversity.edu.kz)

¹ORCID 0000-0002-4448-2414

²ORCID 0009-0004-1553-3210

³ORCID 0009-0000-3944-3886

Шет тілдік білім беруде PBL технологиясы негізінде жазылым дағдысын қалыптастыру

Жобаға бағытталған оқыту оқушылардың шынайы проблемалармен бетпе-бет келуін, бірлескен топта жұмыс істеуін қамтамасыз етіп, қоғамдық маңызға ие мәселелермен айналысуға мүмкіндік береді. Жобаны жазу мен дайындау барысында оқушылар ақпаратты біліп қана қоймай тәжірибе жинайды, креативті ойлауларына еркіндік береді, жасалынған тәжірибеге сүйеніп тұжырымдама жасайды. PBL технологиясы арқылы жоғары сынып оқушыларының шетел тіліндегі жазылым дағдысын дамытуды басшылыққа ала отырып, жобалық және жазбаша жұмыстардың орындалу кезеңдері мен бағалау критерийлері ұсынылды, оның тиімділігін анықтау мақсатында тәжірибелік-педагогикалық эксперимент жүргізіліп, оның нәтижелеріне талдау жасалынды. Бұл ғылыми-зерттеуде тәжірибелік-эксперименттік зерттеу жұмысын жүргізу үшін ең алдымен ғалымдардың осы уақытқа дейінгі бөліп көрсеткен PBL технологиясы негізінде және жазбаша жұмыс бойынша орындалатын іс-әрекеттер реттілігін анықтау мақсатында ұсынылған жұмыс кезеңдерінің ұқсастықтары мен айырмашылықтарын саралай келе жобалық қызметтің нақты бес кезеңі, жазбаша жұмыстың алты кезеңі айқын реттілікпен орналастырылып құрылды. Орындалған тапсырмаларды, яғни оқушылар әзірлеген жоба өнімі мен жазбаша жұмыстарды бағалау үшін ғалымдар ұсынған талаптар мен ережелерді басшылыққа ала отыра, жобалық қызмет пен соңғы өнімді бағалаудың бес критерийі, жазбаша жұмысты бағалаудың төрт критерийі құрастырылып ұсынылды. Ғылыми-зерттеу жұмысының теориялық және эксперименттік нәтижелеріне негізделген тұжырымдар мен ұсыныстар келтірілді.

Кілт сөздер: PBL технологиясы, жазылым дағдысы, педагогикалық эксперимент, сандық және сапалық талдау, математикалық талдау, тәжірибелік-эксперименттік қызмет, жобалық оқыту.

Kipicne

ҚР «Білім туралы» Заңының 5-тарауының «Оқу-әдістемелік және ғылыми-әдістемелік жұмысты ұйымдастыру» атты 29-бабында «Білім мен ғылымды интеграциялау, оқу-тәрбие процесін қамтамасыз ету және жетілдіру, оқытудың жаңа технологияларын әзірлеу және енгізу білім беру ұйымдарында жүзеге асырылады...» деп көрсетілген [1]. Сондықтан да бүгінгі таңда мектеп бағдарламасында жаңартылған білім беру әдістемесіндегі жаңашылдықтар, өзгерістер болашақ ұрпақ бойында жаһандық дамуға жан-жақты ілесе алатын құндылықтар мен қабілеттерді игерген тұлға болып қалыптасуды көздейді. Бұл ретте оқушыларға білім берумен қатар ғылыми-зерттеуге баулу, инновациялық технологияларға негізделген оқыту әдістерін қолданудың маңызы зор. Аталған

міндеттерді оңтайлы шешу мақсатында қазіргі таңда мектеп қабырғасынан зерттеушілік іс-әрекет дағдыларын қалыптастыру әрі әлеуеті бар қабілеттерді барынша дамыту үдерісі жалғасуда. Білім алушылардың зерттеушілік іс-әрекетін жүзеге асыруды, белгілі бір құзыреттіліктер, қабілеттер мен дағдыларды қалыптастыруды қамтамасыз ететін білім беру технологияларының бірі PBL (Project Based Learning).

Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық Білім академиясының «2022-2023 оқу жылында Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарында оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы» әдістемелік нұсқау хатына сәйкес, оқу жылы бойы «Шетел тілі» пәні оқытушыларының әдістемелік бірлестігінің отырыстарында олардың кәсіби құзыреттілігін арттыру бойынша: 1) Шетел тілі пәнінің білім беру процесін ұйымдастырудың заманауи тәсілдерін жүзеге асыру; 2) Шетел тілін оқытудағы сабақтан тыс жұмыстарды ұйымдастыру; 3) Шетел тілі сабақтарында жобалық-зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру мәселелерін қарастыру ұсынылады. Қарастыруға ұсынылған мәселелерге сәйкес, PBL осы бірқатар мәселелерді шешуге орасан зор ықпал ете алатын оқыту технологиясы деп сеніммен айта аламыз. Сонымен қатар, бұл алға қойылған қарастыруды талап етілетін мәселелердің тізімінде жобалық оқытуды қолға алудың көрініс табуы, оның қазіргі таңдағы шетел тілін оқытудағы өзектілігін айқындай түседі. Себебі, PBL технологиясының тарихы тереңде болса да, мұғалімдер арасында жүргізілген сауалнамаға сәйкес оқытушылар арасында шетел тілі пәнін оқытуда тілдік дағдыларды дамыту мақсатында, атап айтқанда жазылым дағдысын қалыптастыруда айтарлықтай кең қолданысқа ие әдіс болып табылмады. Демек, PBL технологиясын қолдану білім алушыларды цифрлық құралдарды пайдалану арқылы жоба жасауды үйретудің бірден бір заманауи жолы болып саналады. Сонымен қатар, жоба барысында білім алушылар тек сыныптық-сабақтық жүйеге бағынуға мәжбүр емес, себебі жоба бойынша жұмыс айтарлықтай ұзақ уақыт аралығын қамтитын болғандықтан, оқушыларға сыныптан тыс әрекет етуге де мүмкіндік беріледі [2].

PBL технологиясының анықтамасын көптеген ғалымдар өз нұсқаларында ұсынған. Мысалы, Ж. Томас PBL анықтамасын: «жобалар төңірегінде оқуды ұйымдастыратын оқыту моделі» және «жобалар білім алушыларға ұзақ уақыт бойы салыстырмалы түрде дербес жұмыс істеуге мүмкіндік беретін және шынайы өнімдер немесе презентациялар жасаумен аяқталатын зерттеу әрекеттерінің оқушыларды жобалауға, шешім қабылдауға, қиын сұрақтардың жауабын табуға, мәселелерді шешуге ынталандыруға негізделген күрделі тапсырмалар» деп ұсынды [3].

Отандық ғалымдардың пікірінше, Ш.Д. Абдиева: «жобалау әдісі — білім алушы мен оқытушының бірігіп, белгілі бір мәселені шешуге және қорытынды жасауға негізделген оқу немесе басқа да әрекеттерін айтуға болады» деп пайымдайды [4]. Ал А.А. Сатбекова: «жобалау әдісі арқылы қазақ тілін оқыту — білім алушылардың репродуктивтік оқу әрекеттерін біртіндеп имитациялық әрекеттерге көтеру арқылы қазақ тілінің заңдылықтарын және қазақ тілінің бай қорында жинақталған ұлттық мәдени мол мұраны студенттің ішкі құндылықтар жүйесіне енгізудің тиімді жолы» деп тұжырымдайды. [5]. Е.С. Полат білім алушының жоба жасау барысында, оларға танымдық қабілеттерін дамытуға, білімді өз бетінше құрастыра білуге, ақпараттық кеңістікті еркін шарлауға, сыни және шығармашылық ойлауды дамытуға мүмкіндік туады деп тұлғалық қалыптасу қабілеттерін атап өтеді. [6]. Т. Әбдікәрім сөзімен айтқанда «жобалар әдісінің негізіне «жоба» ұғымының мәні, оның қандай да бір тәжірибелік немесе теориялық мәнді мәселені шешу арқылы алуға болатын нәтижеге деген прагматикалық бағыты салынған. Бұл нәтижені нақты тәжірибелік іс-әрекетте көруге, түсінуге, қолдануға болады» [7].

Материалдар мен негізгі әдістер

Жобаға негізделген оқыту моделі — тәуелсіз, сыни ойлау және ынтымақтастық сияқты маңызды дағдыларды дамытудың негізгі мақсаты оқушыларды оқу процесіне жұмылдыратын білім берудегі инновациялық тәсіл. Білім алушылар оқу іс-әрекетін өз бетінше жоспарлауға және басқаруға үйренеді, бұл олардың оқу процесіне белсенді және жауапкершілігін арттыруға көмектеседі. Сумармидің пікірінше, студенттер алған білімдерін күнделікті тәжірибелерімен байланыстыра алу үшін нақты жағдайларға сәйкес жобалық әрекеттерге тікелей қатысады. Бұл модельде студенттер материалды енжар түрде қабылдап қана қоймай, сонымен қатар зерттеуді, мәселелерді шешуді және меңгерілген ұғымдарды қолдануды қажет ететін жобаларды жобалау, басқару және аяқтауда белсенді рөл атқаруы қажет [8]. Бұл студенттерді тереңірек ойлауға, шығармашылық шешімдер табуға және сыни тұрғыдан ойлау, шығармашылық, ынтымақтастық және қарым-қатынас сияқты ХХІ ғасыр

дағдыларын дамытуға итермелейді [9]. Жоба барысындағы ынтымақтастық студенттерге бірлесіп жұмыс істеу және әртүрлі көзқарастардан үйрену қабілеттерін жетілдіруге көмектеседі, ал коммуникациялық дағдылар жобаның әрбір кезеңінде маңызды. Бұл модель сонымен қатар студенттерді өздерінің қиындықтарына инновациялық шешімдерді табу үшін шығармашылық қабілеттерін пайдалануға ынталандырады. Жалпы алғанда, жобалық оқыту моделі тереңірек және біртұтас оқыту тәжірибесін қамтамасыз етеді және студенттерді болашақ қиындықтарға төтеп беруге дайын тәуелсіз, шығармашылық және бірлескен жеке тұлға болуға дайындайды [10].

Жобалық қызмет кезеңдерінің жіктелуінің әртүрлілігін ескере келе, олардың бір-бірінен айырмашылықтары да ұқсас тұстары да бар екенін атап өтуге болады. Ғалымдардың жобаның орындалу кезеңдерін бөліп көрсетулерін қорытындылай келе, PBL технологиясы бойынша бес негізгі кезеңді атап өтсек болады: ұйымдастыру, жоспарлау, жобаны әзірлеу, нәтижелерді ұсыну, яғни, презентациялау және таныстыру, бағалау. Бұл кезеңдер реттілігі бойынша жобалық қызметпен айналысу арқылы оқушылар нақты нәтижеге қол жеткізе алады.

Бірінші ұйымдастыру кезеңіндегі оқушылардың міндеті — мәселені анықтау және жобаның жоспарланған тақырыбын құрастырып, бекіту.

Екінші кезең — жоспарлау. Бірінші кезеңде жасалынған қорытындыға сүйене отыра, тақырып бойынша жобаның жұмыс жоспары жасалады. Сонымен қатар қажетті ақпарат және дереккөздер, әдебиет жинақталады.

Үшінші кезең — жобаны әзірлеу кезеңі. Бұл кезеңде оқушылар жеке және жалпы мәселелерді шешеді, жұмыстарын талдайды, анализ жасайды, одан әрі жұмыстың мақсаттары мен қажетті ресурстарды анықтайды. Бұл ретте қосымша ақпаратты іздеу, сондай-ақ алынған нәтижелерді аралық талқылау жүзеге асырылады. Яғни, жоба бойынша ең маңызды үдеріс жүзеге асырылып, жобалық жұмыстың басты өнімі жасалады. Соңғы өнімді құрайтын басты тапсырма орындалады.

Төртінші кезең — жобаны таныстыру кезеңі, оның маңыздылығы бастапқы үш кезеңнен кем емес. Бұл кезеңде оқушылар жоба бойынша жұмысты аяқтап, нәтижелерін ұсынады. Жобаны бағалаудың сәттілігі көбінесе оның көрсетілуіне, презентациялануына байланысты.

Бесінші кезең — бағалау кезеңі. Бесінші кезеңде жасалынған жобалар қорғалады. Жобаларды қорғағаннан кейін талқылау немесе жалпы пікірталас өткізуге болады. Бұл кезеңге оқушылар да (сұрақтарға жауап беруі, рефлексия жасауы, бағалауы) және оқушылардың жұмыстарының нәтижелеріне мұғалім де өзіндік бағалау жүргізеді. Жобаның барлық кезеңдерінде оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға әкелетін жүйелі, белсенділікке негізделген оқу тәсілін енгізуге болады.

Жоба үшін зерттеу тақырыбын таңдағанда және нақты мәселелерді шешуде білім алушылар өздерінің қызығушылықтары мен дайындық деңгейлеріне сүйенеді. Бұл әр оқушыға оқудың да, дербес орындалатын тапсырмалардың да өзіндік траекториясын қамтамасыз етіп, оқу процесін саралап, жекешелендіруге мүмкіндік береді. Дегенмен, жобалық әдісті енгізу арқылы оқушыларға жеке және топ болып қызмет атқаруға да мүмкіндік берілетінін естен шығармаған жөн. Себебі, жоба барысында әр білім алушы дербес топ мүшесі ретінде де әрекет ете алуы керек, яғни жобалық жұмыстың әр кезеңінде топ мүшелерінің жекешелендірілген және бірлескен іс-әрекеттерін бір уақыт мезетінде қамтамасыз ете алатын оқытудың үлгісі іспеттес. Жобалық іс-әрекет әрқашан білім алушылардың белгілі бір уақыт аралығында орындайтын жеке, жұптық, топтық іс-әрекеттеріне бағытталған [11]. Яғни, PBL технологиясы негізінде білім алушылар топтық жұмыс барысында жеке де, топ мүшелерімен бірлесе де әрекет ете алады.

Топта жұмыс істеу жауапкершілікті бөлу арқылы ұжымдық жоспарлауды және мақсат қоюды жүзеге асыруға, топ мүшелері арасында міндеттер мен рөлдерді бөлуге, көшбасшы немесе орындаушы ретінде әрекет етуге, өз әрекеттерін жобаның басқа қатысушыларының әрекеттерімен үйлестіруге, ұжымдық қорытынды жасауға қабілетті жеке тұлғаны қалыптастырады [12].

Осылайша қазіргі әлемдік педагогикада жалпы білім беретін мектептердегі оқушылардың жобалық жұмысының кезеңдері толық сипатталған деп айтуға болады. Жобаны іске асырудың ұсынылған кезеңдерін қатаң сақтау табыстың маңызды элементі. Кез келген типтегі жобаның әр кезеңінде білім алушылардың да, оқушыларға бағыт-бағдар беріп, оларға педагогикалық қолдау көрсететін мұғалімнің де белсенді жұмысы қажет екенін атап өткен жөн.

Жоғары оқу орындарында жобалық оқытуды енгізу студенттерді маңызды құзыреттіліктермен жабдықтауда шешуші рөл атқарады. Бұл құзыреттер білім, практикалық дағдылар мен танымдық қабілеттердің жан-жақты үйлесімін қамтиды, бұл студенттерге әртүрлі, көпмәдениетті жағдайларда

нақты әлемдегі қиындықтарды тиімді шешуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар жоба әдісі рефлексиялық құзыреттілікті дамытуды жеңілдетеді, студенттерге оқу үдерістерін сыни тұрғыдан талдауға, негізделген шешімдер қабылдауға және әртүрлі жағдайларға бейімделуге мүмкіндік береді [13]. Жалпы ғалымдардың жобаның орындалу кезеңдерін бөліп көрсетудегі ұқсастықтары мен айырмашылықтарын саралай келе, 1-кестеде көрсетілгендей бес кезеңді топтастырдық. Олар:

1. Ұйымдастыру.
2. Жоспарлау.
3. Әзірлеу.
4. Нәтижелерді ұсыну (презентациялау).
5. Бағалау.

1 - кесте

PBL технологиясы бойынша жобалық жұмыстың кезеңдері

Кезеңдер	Мұғалімнің қызметі	Оқушының қызметі
1. Жобаны ұйымдастыру	Жобаға ықтимал тақырыптарды таңдап, оқушыларға ұсыну. Оқушылар ұсынған тақырыптарды талқылауға қатысу. Егер жоба көлемді болса, мұғалім алдын ала ізденіс әрекеттеріне арналған тапсырмалар, сұрақтар, әдебиеттер әзірлейді.	Тақырыпты талқылап, жалпы шешім қабылдау. Өз рөлдерін анықтап, сәйкес тапсырмаларды топ арасында бөліп алу. Жауаптарды табу үшін сұрақтарды топта әзірлеуге, содан кейін сыныпта талқылауға болады.
2. Жобаны жоспарлау	Талқылауға қатысады. Жобалық жұмысқа қатысты материалдарды дайындау (жауап беретін сұрақтарды құрастыру, топтарға тапсырмалар беру, әдебиеттерді таңдау).	Оқушылар топта, содан кейін сыныпта зерттеу қызметінің нәтижелерін көрсету формаларын талқылайды: бейне, альбом, жинақтар, шағын кітапша немесе журнал.
3. Жобаны әзірлеу	Оқушылардың жұмысын қадағалайды, кеңес береді, белсенділіктерін арттыруға ықпал етеді.	Алдымен жеке, содан кейін басқа топ мүшелерімен өзара әрекеттесе отырып, қабылданған ережелерге сәйкес нәтижелерді ресімдейді.
4. Нәтижелерді ұсыну	Оқушылардың жобаларын тиісті түрде қабылдау, ескертулер мен басым тұстарды назарға ала отырып шешім шығару.	Өз жұмысының нәтижелері туралы есеп беру, жобаны презентациялау, соңғы өнімді ұсыну.
5. Бағалау	Бағалау критерийлері мен оқушылардың белсенділіктеріне сәйкес дайын жобаны бағалайды.	Жұмыстың қорытындысын шығару, жобаға өзіндік сыни тұрғыда баға беру, ой-пікірлерімен бөлісу, жұмыстың бағаларын ұжымдық талқылау.

Жазылым дағдысын дамыту барысында туындайтын қиындықтарды оңтайлы шешу мақсатында мәтіндерді жазу процесін бірнеше кезеңдерге бөліп жүзеге асыруға болады. Ғалымдардың пікірлеріне сүйенсек, Ж. Хармердің тұжырымдамасы бойынша, жазылым үдерісі бес кезеңнен тұрады. Олар: алдын ала жазу, құрастыру, қайта қарау, өңдеу және жариялау. Сонымен қатар, жазудың басты мақсаты мен түпкі нәтижесі оқырманға түсінікті болуы үшін жазылатын ақпаратты жоспарлау, жазылғанды құрастыру, қайта қарау және түзету үдерісі екенін қоса айтады [14].

Ж. Ричардс пен У. Ренандияның пікірлері бойынша, жазылым процесі 4 кезеңді қамтиды: жоспарлау, құрастыру, қайта қарау және түзету [15]. Мәтін сәтті жазылу үшін бірнеше рет қайта қараулар мен түзетулерден өтуі, тіпті тәжірибелі жазушылар үшін де қалыпты жағдай болып саналады. Себебі, әр түзету мен қайта қарау кезінде мәтіннің сапасы жоғарыламаса төмендемейтіні белгілі. Ғалымдардың тұжырымдамаларын саралай келе, жазбаша жұмыстарды орындау кезінде басшылыққа алынатын аталған кезеңдердің ұқсастықтары мен айырмашылықтарын салыстыра отырып, 2-кестеде көрсетілгендей біз жазбаша жұмыстың негізгі 6 кезеңдерін анықтадық.

Жазбаша жұмыстың орындалу кезеңдері

1	Алдын ала жазу
2	Жазу
3	Қайта қарау
4	Қателерді жөндеу
5	Қайта жазу
6	Соңғы нұсқадағы мәтінді жазу

Тәжірибелік-эксперименттік жұмыс барысында білім алушылардың арасында сауалнама жүргізілді. Сауалнаманың нәтижесі 1-суретте көрініс тапқан. Сауалнама шет тілдік білім беру жүйесіндегі жазылым дағдысының басқа тілдік дағдыдан айырмашылығы мен қиындықтарын анықтау мақсатында жүргізілді.



1-сурет. Жазылым дағдысын дамытудың қиындық деңгейін анықтау

Сауалнама нәтижесіне сүйенсек, 79,2 % (19 оқушы) жауап бойынша жазылым дағдысы өзге дағдылармен салыстырмалы түрде әлдеқайда қиын деп табылса, 20,8 %-дық (5 оқушы) көрсеткіш бұл пікірді жоққа шығарды. Демек, білім алушылардың жартысынан көп бөлігі үшін жазылым дағдысын дамыту өзге тілдік дағдылармен салыстырғанда қиындық деңгейі бойынша басымдылыққа ие екені белгілі болды. Яғни, шетел тіліндегі жазылым дағдысын дамытудың күрделі әрі қиын үдеріс екендігі 3-кестедегі сауалнама нәтижесінен байқауға болады.

Сауалнама нәтижелері

Шетел тілінде жазылым жұмыстарын орындау барысында қандай қиындықтарға тап боласыз?	Пайыздық көрсеткіш
Грамматикалық қателіктер	20,8 %
Орфографиялық қателіктер	16,7 %
Сөздік қордың аздығы	12,5 %
Ойды жүйелі түрде дұрыс жеткізудегі туындайтын қиындықтар	12,5 %
Тыныс белгілерін дұрыс қолдану кезіндегі қиындықтар	8,3 %
Мәтін құрылымын сақтау барысында туындайтын қиындықтар	12,5 %
Мотивацияның төмендігі	12,5 %
Қиындық туындамайды	4,2 %

Жүргізілген сауалнама нәтижесі бойынша жазылым дағдысын дамытудың өзектілігі мен қажеттілігіне оқушылардың жазылым процесі кезінде әртүрлі қиындықтарға тап болуы дәлел бола алады. Сауалнама нәтижесіне сүйенсек, оқушылардың шетел тілінде жазылым жұмыстарын орындау барысында 20,8 %-ы грамматикалық, 16,7 % орфографикалық қателіктерге, ал 12,5 %-ы сөздік қордың жетіспеушілігінен, 12,5 %-ы өз ойын жүйелі түрде жеткізе алмаудан, 8,3 %-ы тыныс белгілерін дұрыс қолдана алмаудан, 12,5 % мәтін құрылымын білмегендіктен, 12,5 %-ы жазбаша жұмыстармен айналысуға деген ішкі ынтаның, яғни мотивацияның төмен деңгейде болуынан туындайтын қиындықтарға тап болады. Тек, 4,2 % ғана білім алушылар үшін айтарлықтай қиындықтар туындамайтын болып шықты.

Тәжірибелік-эксперименттік жұмыс барысында оқушылардан бөлек, мектеп мұғалімдерінің ой-пікірлерін білу мақсатында сұхбат жүргізіліп, ақпарат жинақталды. Сұхбат барысында алынған жауаптарға сүйенетін болсақ, жазылым барысында туындайтын қиындықтар, сонымен қатар оқушылардың жазылым деңгейін бағалау бойынша қойылған сауалға білім алушылар мен оқытушылардан алынған жауаптардың ұқсастық деңгейі өте жоғары. Яғни, жазбаша жұмыстар барысында пайда болатын қиындықтар, оқушылардың басым бөлігінде жазылым деңгейлерінің орташа көрсеткішке ие болуы жаңашыл әдістерді қолдана отыра тілдік дағдыларды дамытуға деген түрткі деп қабылдасак болады.

Оқытушылармен сұхбат және білім алушылардан алынған сауалнамадан соң, өткізілетін эксперименталды жұмысқа дейін, жобалық іс-әрекеттерге байланысты және оқушылардың жазылым дағдылары мен таңдалынған тақырыптар бойынша білімдерін тексеру мақсатында, сонымен қатар, жалпы жазбаша жұмыстарды бағалауға қойылатын талаптарын басшылыққа ала отырып тест сұрақтары құрастырылды. «Pre-test» және «post-test» сұрақтары грамматика, орфография, сөздік қор, тыныс белгілерінің қолданылуы, сын есімдердің түрлері секілді сұрақтар қамтылды. Бақылау және эксперименттік топтардан «pre-test» алынды. Тест жалпы 15 сұрақтан тұрады, әр сұраққа 2 балл болып есептелініп, максималды 30 балды құрайды. «Pre-test» нәтижелері 4-кестеде берілген.

4 - кесте

«Pre-test» нәтижелері

Pre-test										
Балл	30	28	26	24	22	20	18	16	16-дан төмен	Орташа балл
Бақылау тобы	0	0	0	0	0	0	0	1	11	10,67
Эксперименттік топ	0	0	0	0	0	0	0	1	11	11

Алынған «pre-test» нәтижелерінің орташа стандартты мәндері «t-test» жүйесі арқылы анықталды. Екі топтың да «pre-test» нәтижелері төмен деңгейде екендігін байқауға болады. Орташа балл көрсеткіштері бір-біріне жақын, эксперименттік топтың орташа көрсеткіші бақылау тобынан сәл ғана жоғары.

5 - кесте

«Pre-test» нәтижелеріне математикалық талдау

Топ	Бақылау тобы	Эксперименттік топ
Mean (Орташа мәні)	10,67	11,00
SD (Стандартты ауытқу)	3,23	2,34
SEM (Орташа мәннің стандартты қателігі)	0,93	0,67
N (Топтағы оқушы саны)	12	12

5-кестеде эксперименттік топтың «pre-test» бойынша орташа балы бақылау тобынан жоғары болғанымен, стандартты ауытқуы төмен екендігі көрсетілген. Бұл эксперименттік топтағы оқушылардың нәтижелерінің бақылау тобына қарағанда біркелкірек екенін көрсетеді. Кестедегі талдау нәтижесі бойынша, бақылау тобында орташа балдық көрсеткіш 9,74-11,6 диапазонын құрайды, ал эксперименттік топта 11,67-10,33 диапазонын құрайды. Бұл мәліметтер де екі топтың бастапқы деңгейі шамалас екенін көрсетеді.

6 - кесте

Жоба және жазбаша жұмыс бойынша «pre-test» нәтижелері

Pre-test								
Балл	20	18	16	14	12	10	10-нан төмен	Орташа балл
Эксперименттік топ	0	0	0	0	0	2	10	7

6-кестеде «Pre-test»-тің орташа балы анықталған. «Pre test» нәтижелерінің арифметикалық ортасын анықтау бойынша эксперименттік топта мүмкін болған 20 балдың 10 балын 2 оқушы; ал 10 оқушы 10 балдық көрсеткіштен, яғни, орташа балдан төмен нәтиже көрсетті. Эксперименттік топтың жоба және жазбаша жұмыстары бойынша «pre-test» нәтижелері өте төмен деңгейде екендігін көруге болады, яғни орташа балл 7-ге тең.

Жазбаша жұмысты бағалауға қойылатын талаптар өте қатаң болып келеді. Оқушылар шағын журнал мәтіндерін әзірлеу барысында сипаттамалық мәтіндер жазды. Сипаттамалық мәтіндерге және жалпы жазбаша жұмыстарды бағалауға қойылатын өзіндік талаптар бар.

Сипаттамалық мәтінді, мәліметтер жинау және әңгімелесу мәтінін бағалау Ж. Хитонның тұжырымдамасы бойынша:

1. Оқушылардың анықтамалық ақпаратты жазу қабілеті;
2. Оқушылардың сипаттамалық ақпаратты жазу қабілеті;
3. Оқушылардың тілдік бірліктерді пайдалана білуі;
4. Оқушылардың сөздік қорды пайдалана білуі;
5. Оқушылардың тілдік ережелерді сақтай білуі [16].

Жоғарыда көрсетілген жазбаша жұмыстарды бағалауға қойылатын ғалымдардың талаптарына сүйене отырып, 7-кестеде бағалаудың басты критерийлерін төмендегідей нақтыладық.

7 - кесте

Жазбаша жұмысты бағалау критерийлері

№	Жазбаша жұмысты бағалау критерийлері	Сипаттамалары	Балл
1	Мәтіннің жүйелілігі мен логикалық байланысы	Әр абзац пен жаңа ойдың құрылымдық, мән-мағыналық сабақтастығы, сөйлемдер мен мәтін бөліктері арасындағы мағыналық байланыстың сақталуы	3
2	Сөйлем құрылымының күрделілігі	Құрмалас сөйлемдердің қолданылуы	2
3	Грамматиканың, сөйлем құрылымының, орфографияның және тыныс белгілерінің дұрыс қолданылуы	Жазбаша жұмыстың тілдік ережелерді сақтай отыра сауатты түрде жазылуы	3
4	Мәтіннің коммуникативтік мақсаты	Оқырманмен қарым-қатынас орната алу, өзекті сұрақтарға жауаптар ұсына алу	2
Максималды балл: 10			

Мүқият таңдалған білім алушылар тобы олардың жазылым дағдыларын дамыту мақсатында арнайы әзірленген жобалық оқыту әрекеттеріне қатысты. Эксперимент барысында олардың жазбаша

жұмыстары жиналып, жазудың әртүрлі аспектілерін, соның ішінде ұйымдастыруды, анықтылықты, үйлесімділікті және жалпы тілдік талаптарды ұстануды анықтайтын критерийлер арқылы бағаланды. Жазбаша және жоба жұмыстарының бағалау нәтижелері 8-кестеде көрініс табады.

8 - кесте

Жазбаша және жоба жұмыстарының бағалау нәтижелері

Бағалау критерийлері	Бақылау тобы (балл)	Эксперименттік топ (балл)
Жазбаша жұмыс (макс. 10 балл)	4	9
Жоба жұмысы (макс. 10 балл)	5	9

Кестеде жазбаша және жоба жұмыстарының бағалау нәтижелері салыстырылады. Бұл кестеде PBL технологиясын қолданған эксперименттік топ жазбаша жұмыстарды орындауда бақылау тобынан едәуір жоғары нәтиже көрсетті. Жобалық жұмыстың нәтижесіне талдау жасайтын болсақ, PBL технологиясын қолданған эксперименттік топ жобалық жұмыстарды орындауда бақылау тобынан жақсырақ нәтиже көрсетті. Демек, бақылау тобының екі жұмыста да төмен көрсеткішке ие болғаны, ал эксперименттік топтың жоғары нәтиже көрсеткені байқалады. Ал 9-кестеде эксперименттік топ пен бақылау тобының орташа көрсеткіштері талданады.

9 - кесте

«Post-test» нәтижелерінің салыстырмалы талдауы

Топ	Орташа балл (макс. 30)	SD (Стандартты ауытқу)	SEM (Орташа мәннің стандартты қателігі)
Бақылау тобы	11,00	2,63	0,76
Эксперименттік топ	23,17	4,39	1,27

Осы кестеде эксперименттік топтың «post-test» бойынша орташа балының бақылау тобынан едәуір жоғары екендігі, сонымен қатар орташа квадраттық ауытқуының да жоғары екені көрсетілген. Бұл эксперименттік топтың нәтижелерінің әр түрлі екенін көрсетеді, бірақ орташа көрсеткіші жоғары. 10-кестеде «Pre-test» және «Post-test» нәтижелерінің салыстырмалы талдауы көрсетіледі.

10 - кесте

«Pre-test» және «Post-test» нәтижелерінің салыстырмалы талдауы

Топ	Тест түрі	Орташа балл	SEM
Бақылау тобы	Pre-test	10,67	±0,9;
	Post-test	11	±0,7;
Эксперименттік топ	Pre-test	11	±0,67;
	Post-test	23,17	±1,26;
Эксперименттік топ	Жоба жұмысы pre-test	7	±0,54;
	Жоба жұмысы post-test	18,1	±0,30;

Бақылау тобында «pre-test» пен «post-test» арасында үлкен айырмашылық жоқ екені байқалады, ал эксперименттік топта «post-test» нәтижелерінің едәуір жақсарғаны көрсетілген. Орташа мәннің стандартты қателігі де осы өзгерістерді растайды. Кестеде эксперименттік топтың жобалық және жазбаша жұмыс бойынша «pre-test» және «post-test» нәтижелеріне математикалық талдау жасау үшін қолданылған «t-test» жүйесінің нәтижелері көрсетілген. Эксперименттік топтың жобалық жұмыс

бойынша «post-test» нәтижелерінің «pre-test» нәтижелерінен едәуір жоғары екендігі көрсетілген. Бұл PBL технологиясының оқушылардың жобалық жұмыс дағдыларын дамытуда тиімді екенін көрсетеді. Жоғарыда көрсетілген кестелердің талдауынан PBL технологиясын қолдану арқылы эксперименттік топтың оқушыларының жазылым дағдылары мен жобалық жұмыс дағдыларының бақылау тобына қарағанда едәуір жақсарғанын көруге болады. Сонымен қатар, PBL технологиясын оқушыларға жазудағы табандылық пен тәртіптің маңыздылығын үйретеді. Қайталау шығармашылық процестің бір бөлігі екенін түсіну арқылы білім алушылар жазылым барысында туындайтын қиындықтарға жақсы дайындалады.

Қорытынды

Қорытындылай келе, «PBL технологиясы оқу үрдісін оңтайландыруға мүмкіндік беретін және оқушының өз іс-әрекетін жоспарлауда, ұйымдастыру мен бақылауда дербестігін жүзеге асыруға жағдай туғызатын кешенді оқыту» деп анықталады. Жоба әдістемесі коммуникативтік бағыттылығымен, білім алушыларды оқу іс-әрекетінде белсенді болуымен және олардың оқудағы үлгерімдері үшін жеке жауапкершілігімен сипатталады. Жобаға негізделген оқыту оқушылардың білім алуға деген ішкі ынтасын арттырады. PBL технологиясы арқылы оқыту процесін ұйымдастыруда күрделі, шынайы сұрақтар мен мұқият әзірленген тапсырмаларға негізделген жетілдірілген зерттеу үдерісі арқылы оқушыларды білім мен дағдыларды меңгеруге жетелейді.

Жүргізілген тәжірибелік-эксперименттік жұмыс нәтижелеріне «t-test» жүйесі арқылы математикалық-статистикалық талдау жасалынып екі топ арасындағы айырмашылықтар айқындалды. Талдау нәтижелері бойынша бақылау тобының «pre-test» және «post-test» нәтижелерінде айтарлықтай айырмашылық анықталмады. Ал, эксперименттік топта жүргізілген екі «pre-test» және «post-test» нәтижелері бойынша анықталған көрсеткіштер айырмашылығының жоғары нәтижесіне сүйенсек, PBL технологиясының жоғары сынып оқушыларының жазылым дағдысын дамытуда оқыту үдерісінде қолдануға болатын тиімді технология екені дәлелденді.

PBL технологиясының тиімділігін бұл технология негізінде ұйымдастырылған жобалық жұмыс аяқталған соң эксперименттік топ оқушылары тарапынан анықтау мақсатында сауалнама жүргізілді. Сауалнама нәтижесі бойынша білім алушылар PBL технологиясын шетел тілін оқытудағы тиімділігін берілген оң жауаптарымен тағы да дәлелдей алды.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы. — 2007 ж. 15 тамыз. — [Электрондық ресурс]. — Қолжетімділігі: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000319_
- 2 «2022-2023 оқу жылында Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарында оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы» әдістемелік нұсқаулық хат. — [Электрондық ресурс]. — Қолжетімділігі: <https://uba.edu.kz/storage/app/media/2022-2023%20оқу%20жылының%20ӘНХ.pdf>
- 3 Thomas J.W. A review of research on project-based learning [Electronic resource] / J. W. Thomas. — 2011. — P. 3. — Access mode: http://www.bobpearlman.org/BestPractices/PBL_Research.pdf.
- 4 Абдиева Ш.Д. Жобалау әдісін қолдану арқылы студенттердің тіл үйренуге деген белсенділігі мен қызығушылығын арттыру [Электрондық ресурс] / Ш.Д. Абдиева. — 2010. — № 3. — Б. 39–43. — Қолжетімділігі: <https://nur.nu.edu.kz/server/api/core/bitstreams/2d179b85-02cc-4ffb-b872-60550a89d147/content>
- 5 Сатбекова А.А. Қазақ тілін жобалау әдісі арқылы оқыту жүйесінің дидактикалық ұстанымдары [Электрондық ресурс] / А.А. Сатбекова // Білім — Образование. — 2006. — № 3 (27). — Б. 48–52. — Қолжетімділігі: http://46.255.239.230/ebooks/ЯП/satbekova_aa_kazak_tilin_okytu_distemesi_zhne_zhobalau_tekhn.pdf
- 6 Полат Е.С. Метод проектов: история и теория вопроса [Электронный ресурс] / Е.С. Полат // Современные педагогические и информационные технологии в системе образования. — М.: Изд. центр «Академия», 2010. — С. 195. — Режим доступа: https://academia-moscow.ru/ftp_share/_books/fragments/fragment_19666.pdf
- 7 Әбдікәрім Т.М. Магистранттарға қазақ тілін жобалай оқыту технологиясының әдістемелік негізі / Т.М. Әбдікәрім // ЕҰҰ Хабаршысы: Гуманитарлық ғылымдар сериясы. — 2012. — № 3 (88). — Б. 63–66.
- 8 Buda C.H. The Effect of Project-Based Learning (PBL) Method on Improving Students' Writing Ability / C.H. Buda, N.S. Wardani, A.K. Prasetyo // Jurnal Pendidikan Islam Dan Multikulturalisme. — 2022. — No. 4(3). — P. 90–105. <https://doi.org/10.37680/>
- 9 Dewi W.S. Needs analysis of project-based learning model and portfolio assessment in physics learning / W.S. Dewi, H. Febryan, Murtiani // Journal of Physics: Conference Series. — 2022. — Vol. 2309. — No. 1. — P. 012086. DOI: 10.1088/1742-6596/2309/1/012086.

- 10 Hasanah M. The effect of project-based learning on IPS students learning outcomes in class V in online learning / M. Hasanah, R. Astuti // *Academia Open*. — 2021. — No. 4. — P. 207. DOI: <https://doi.org/10.21070/acopen.4.2021.2076>
- 11 Русских Г.А. Подготовка учителя к проектированию адаптивной образовательной среды ученика. Монография [Электронный ресурс] / Г.А. Русских. — Киров: Издательство ВятГГУ, 2003. — С. 54. — Режим доступа: [https://vestnik43.ru/2\(3\)-2009.pdf](https://vestnik43.ru/2(3)-2009.pdf)
- 12 Валамина О.В. Развитие культурно образовательной среды в рамках социально-образовательного проекта «Гражданин» [Электронный ресурс] / О.В. Валамина // *Журнал инновационные проекты и программы в образовании*. — 2011. — № 1. — С. 55–60. — Режим доступа: <https://cyberleninka.ru/article/n/razvitie-kulturno-obrazovatelnoy-sredy-v-ramkah-sotsialno-obrazovatel'nogo-proekta-grazhdanin/viewer>
- 13 Әбілова З.Т. Жоба технологиясы студенттердің рефлексивті құзыреттілігін қалыптастыру құралы / З.Т. Әбілова, С.А. Ұзақбаева, К.Т. Жансугурова // *Қарағанды университетінің хабаршысы. Педагогика сериясы*. — 2023. — № 4 (112). — Б. 7-13. <https://doi.org/10.31489/2023Ped4/7-13>
- 14 Harmer J. The Practice of English Language Teaching. New edition [Electronic resource] / J. Harmer. — New York: Longman, 1991. — Access mode: <https://www.researchgate.net/profile/Bahram-Kazemian/post/Can-anyone-help-with-learning-strategies-for-creating-autonomous-learners/attachment/59d6303ac49f478072ea06b5/AS%3A273601113067522%20%401442242996719/download/jeremy-harmer-the-practice-of-english-language-teaching.pdf>
- 15 Richards J.C. Methodology in Language Teaching. An Anthology of Current Practice [Electronic resource] / J.C. Richards. — Cambridge: Cambridge University Press, P. 91–99. — Access mode: <https://haybusaklib.am/wp-content/uploads/2021/08/Methodology-in-Language-Teaching-Jack-C.-Richards-Willy-A.-Renandya.pdf>
- 16 Heaton J.B. Writing English Language Tests [Electronic resource] / J.B. Heaton. — London: Longman Group UK Limited, 1988. — P. 135–138. — Access mode: <https://octovany.wordpress.com/wp-content/uploads/2013/12/ok-writing-english-language-tests-j-b-heaton.pdf>

Г.О. Сейдалиева, А.М. Токсанбай, Ш.А. Торгаева

Формирование навыков письма на основе технологии PBL в иноязычном образовании

Проектно-ориентированное обучение позволяет студентам столкнуться с реальными проблемами, работать в команде и решать вопросы социальной значимости. В процессе подготовки и выполнения проекта студенты не только усваивают информацию, но и приобретают опыт, проявляют творческие способности, размышляют и делают выводы на основе полученных результатов. На основе развития навыков письма старшеклассников на иностранном языке посредством технологии PBL были предложены этапы проектной и письменной работы, а также критерии оценивания. Был проведен практическо-педагогический эксперимент, направленный на определение его эффективности, и проанализированы полученные результаты. В целях проведения практическо-экспериментального исследования, прежде всего, на основе выделенной к настоящему времени учеными технологии PBL, и для определения последовательности действий, выполняемых над письменной работой, после выделения сходства и различий предлагаемых этапов работы, была выстроена четкая последовательность из 5 этапов проектной деятельности и 6 этапов письменной работы. На основе предложенных учеными требований и правил оценки выполненных заданий, а точнее, продуктов проекта и письменных работ, разработанных обучающимися, были составлены и представлены 5 критериев оценки проектной деятельности и конечного продукта, 4 критерия оценки письменной работы. Были представлены выводы и рекомендации, основанные на теоретических и экспериментальных результатах исследовательской работы. По результатам опроса учителей после экспериментальной работы большинство учителей согласилось с мнением, что технология PBL очень эффективна.

Ключевые слова: технология PBL, навык письма, педагогический эксперимент, количественный и качественный анализ, математический анализ, практическо-экспериментальная деятельность, проектное обучение.

G.O. Seidaliyeva, A.M. Toksanbay, Sh.A. Torgayeva

Formation of writing skills based on PBL technology in foreign language education

Project-based learning allows students to face real-life problems, work in collaborative groups, and solve issues of social significance. In writing and preparing a project, students absorb information, gain experience, give freedom to their creativity, reflect, and draw conclusions based on the knowledge gained. Based on the development of writing skills of higher school students in a foreign language through PBL technology, stages of project and written work and evaluation criteria were proposed, a practical pedagogical experiment was

conducted to determine its effectiveness, and its results were analyzed. For the purpose of conducting practical-experimental research work within the framework of this study, and primarily based on the Project-Based Learning (PBL) technology identified by scholars to date, and in order to determine the sequence of actions to be performed on the written work, a precise sequence was established: five specific stages of project activity and six stages of written work, following the identification of similarities and differences among the proposed work phases. Based on the requirements and rules for assessing completed tasks proposed by scientists or, more precisely, project products and written works developed by students, five criteria for assessing project activities and the final product, and four criteria for assessing written work were compiled and presented. Conclusions and recommendations based on the theoretical and experimental results of the research work were presented. According to a survey of teachers after the experimental work, most teachers agreed that PBL technology was very effective.

Keywords: PBL technology, writing skill, pedagogical experiment, quantitative and qualitative analysis, mathematical analysis, practical experimental activities, project-based learning

References

- 1 (2007). Qazaqstan Respublikasynyn «Bilim turaly» Zany [Law of the Republic of Kazakhstan “On Education”]. № 319-III QRZ. / Egemendi Qazaqstan. *adilet.zan.kz*. Retrieved from https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000319_ [in Kazakh].
- 2 (2022). «2022-2023 oqu zhylynda Qazaqstan Respublikasynyn orta bilim beru uymdarynda oqu-tarbie protsesin uymdastyrudyn ereksheleklere turaly» adistemelik nusqalyq khat [Methodological guidelines “On the peculiarities of organizing the educational process in secondary education institutions of the Republic of Kazakhstan in the 2022-2023 academic year”]. Nur-Sultan: Y. Altynsarin atyndagy UBA, 155–158. *google.com*. Retrieved from <https://uba.edu.kz/storage/app/media/2022-2023%20oqu%20zhylyny%20HX.pdf> [in Kazakh].
- 3 Thomas, J.W. (2011). *A review of research on project-based learning*. 3. http://www.bobpearlman.org/BestPractices/PBL_Research.pdf.
- 4 Abdieva, Sh.D. (2010). Zhabalau adisin qoldanu arqyly studentterdin til uirenuge degen belsendiligi men qyzygushylygyn arttyru [Increasing students’ activity and interest in language learning through the use of the project method]. *Qazaq tili men adebiyeti — Kazakh Language and Literature*, 3, 39–43. Retrieved from <https://nur.nu.edu.kz/server/api/core/bitstreams/2d179b85-02cc-4ffb-b872-60550a89d147/content> [in Kazakh].
- 5 Satbekova, A.A. (2006). Qazaq tilin zhabalau adisi arqyly oqytu zhuiesinin didaktikalq ustanymdary [Didactic principles of the system of teaching the Kazakh language using the project method]. *Bilim — Obrazovanie — Knowledge — Education*, 3, 48–52. Retrieved from http://46.255.239.230/ebooks/ЯП/satbekova_aa_kazak_tilin_okytu_distemesi_zhne_zhabalau_tekhn.pdf [in Kazakh].
- 6 Polat, E.S. (2010). Metod proektov: istoriia i teoriia voprosa [The project method: history and theory of the issue]. *Sovremennye pedagogicheskie i informatsionnye tekhnologii v sisteme obrazovaniia — Modern pedagogical and information technologies in the education system*. Moscow: Izdatelskii tsentr «Akademiia». *academia-moscow.ru*. Retrieved from https://academia-moscow.ru/ftp_share/_books/fragments/fragment_19666.pdf [in Russian].
- 7 Abdikarim, T.M. (2012). Magistranttarga qazaq tilin zhabalau oqytu tekhnologiiiasynyn adistemelik negizi [Methodological basis of the technology of project-based teaching of the Kazakh language to master’s students]. *Eurazia Ulltyq Universitetinin Khabarshysy: Gumanitarlyq gylymdar seriiasy — Bulletin of the Eurasian National University. Humanities series*, 3, 63–66 [in Kazakh].
- 8 Buda, C.H., Wardani, N.S., & Prasetyo, A.K. (2022). The Effect of Project-Based Learning (PBL) Method on Improving Students’ Writing Ability. *Jurnal Pendidikan Islam Dan Multikulturalisme — Journal of Islamic Education and Multiculturalism*, 4, 3, 90–105. <https://doi.org/10.37680/>.
- 9 Dewi, W.S., Febryan, H., & Murtiani. (2022). Needs analysis of project-based learning model and portfolio assessment in physics learning. *Journal of Physics: Conference Series*, 2309, 1, 012086. <https://doi.org/10.1088/1742-6596/2309/1/012086>.
- 10 Hasanah, M., & Astuti, R. (2021). The effect of project-based learning on IPS students learning outcomes in class V in online learning. *Academia Open*, 4, 207. <https://doi.org/10.21070/acopen.4.2021.2076>.
- 11 Russkikh, G.A. (2003). Podgotovka uchitelia k proektirovaniu adaptivnoi obrazovatelnoi sredy uchenika [Preparing a teacher for the design of a student’s adaptive educational environment]. Monografiia [Monograph]. Kirov: Izdatelstvo Viatskogo gosudarstvennogo gumanitarnogo universiteta. *vestnik43.ru*. Retrieved from [https://vestnik43.ru/2\(3\)-2009.pdf](https://vestnik43.ru/2(3)-2009.pdf) [in Russian].
- 12 Valamina, O.V. (2011). Razvitie kulturno obrazovatelnoi sredy v ramkakh sotsialno-obrazovatel'nogo proekta «Grazhdanin» [Development of the cultural and educational environment within the framework of the social and educational project “Citizen”]. *Zhurnal innovatsionnye proekty i programmy v obrazovanii — Journal of innovative projects and programs in education*, 1, 55–60. Retrieved from <https://cyberleninka.ru/article/n/razvitie-kulturno-obrazovatelnoy-sredy-v-ramkah-sotsialno-obrazovatel'nogo-proekta-grazhdanin/viewer> [in Russian].
- 13 Abilova, Z.T., Uzaqbaeva, S.A., & Jansugurova, K.T. (2023). Zhoba tekhnologiiiasy studentterdin reflektivti quzyrettiligini qalyptastyru quraly [Project technology as a tool for forming students’ reflective competence]. *Qaragandy universitetinin Khabarshysy. Pedagogika seriiasy — Bulletin of Karaganda University. Pedagogy series*, 4, 112, 7–13. <https://doi.org/10.31489/2023Ped4/7-13> [in Kazakh].
- 14 Harmer, J. (1991). *The Practice of English Language Teaching*. New edition. New York: Longman, 92–94. *researchgate.net*. Retrieved from <https://www.researchgate.net/profile/Bahram-Kazemian/post/Can-anyone-help-with-learning-strategies-for-creating->

autonomous-learners/attachment/59d6303ac49f478072ea06b5/AS%3A273601113067522%401442242996719/download/jeremy-harmer-the-practice-of-english-language-teaching.pdf.

15 Richards, J.C., & Renandya, W.A. (2000). Methodology in Language Teaching. An Anthology of Current Practice. Cambridge: Cambridge University Press, 91–99. Retrieved from <https://haybusaklib.am/wp-content/uploads/2021/08/Methodology-in-Language-Teaching-Jack-C.-Richards-Willy-A.-Renandya.pdf>.

16 Heaton, J.B. (1988). Writing English Language Tests. London: Longman Group UK Limited, 135–138. Retrieved from <https://octovany.wordpress.com/wp-content/uploads/2013/12/ok-writing-english-language-tests-j-b-heaton.pdf>.

Information about the authors

Seidaliyeva, G.O. (contact person) — PhD, Associate Professor, Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan; e-mail: g.seidaliyeva@abaiuniversity.edu.kz

Toksanbay, A.M. — Master of Science, Junior Teacher, “Keleshek-Taraz” Scientific Intellectual School-Lyceum, Taraz, Kazakhstan; e-mail: aitolkyn_toksanbay@mail.ru

Torgayeva, Sh.A. — Senior Lecturer, Kazakh-Russian Medical University, Almaty, Kazakhstan; e-mail: torgayeva.sholpan.1981@gmail.com